

Ембі мұнайшылары пандемиямен күрес үшін Атырау облысы әкімдігіне қолдау көрсетті

Дертке шалдықсаңыз, оның асқынуына жол бермеңіз

Өнерге деген сүйіспеншілік мұнайшылыққа жетеледі

Сәуірдің сары майы - тұмауға қарсы таптырмас ем

2

4

6

10

Ембі ТЫНЫСЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

№14 (54)
шілде
2020 жыл

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Құрметті әріптестер!

Өздеріңізге белгілі, Қазақстан Республикасында эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты 05.07.2020 ж. бастап қайтадан қатаң карантин режимі енгізілді. Халықтың коронавирус инфекциясына шалдығуы бойынша Атырау облысы, екіншіке орай, бірнеше күн бойы өзге облыстар арасында алдыңғы орында келеді. Соған сәйкес, Атырау облысында да қатаң шектеу шаралары енгізілді (https://emba.kz/rus/profilactika_po_covid19/?cid=0&rid=956).

Жуырда өткен Үкімет отырысында ҚР Премьер-министрі А.Мамин Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынысы бойынша, эпидемиологиялық ахуалды одан әрі тұрақтандыру үшін елде шектеу шараларын тағы да 2 аптаға, 2-тамызға дейін ұзарту туралы шешім қабылдады.

Екіншіке орай, компаниямыздың жұмысшыларының да COVID-19 инфекциясын жұқтыру деңгейі айтарлықтай өсіп отыр. 16.07.2020 ж. дейін «Ембімұнайгаз» АҚ-ның жалпы 318 жұмысшысы коронавирус инфекциясын жұқтырған. Оның ішінде, 3-уі стационарда ем алуда, қалғаны дерттен жазылып немесе үй карантинінде жатыр.

Теңіз кен алаңында еңбек ететін жұмысшылардың жаппай ауруға шалдығуы салдарынан эпидемиологиялық жағдайы нашарлаған Жылыой ауданындағы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ кен алаңдарында індет белгілері көп тіркелінді. Компания өз жұмысшыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы кешенді сақтық шараларын жүзеге асыруды жалғастыруда. Соның ішінде, вахта мерзімін 14 күннен 28 күнге дейін ұзарту шешімі қабылданды. Бұл – өндіріс үдерісіне келетін қауіпті мейлінше азайту, мұнайшылардың денсаулығын сақтау мақсатында туындаған шешім. Осындай жұмыс кестесіне көшу 28 күн бойы кен алаңдарында тұрақты жұмысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Вахтаралық кезеңнің ұзақтығы бүгінгі пандемия жалғасып жатқан кезеңде жұмысшыларымыздың денсаулықтарына көбірек көңіл бөлуге жағдай жасайды. Бұдан өзге, бүгінде вахта жұмысына кірісер алдында жұмысшылар ПТР тест сынағын тапсырғанан кейін 5 күн бойы оқшаулау орнында болады. 14 күндік вахта мерзімі сақталған жағдайда қызметкердің жұмыстан кейінгі қалыпқа келу кезеңі айтарлықтай азаяды.

Құрметті әріптестер!

Компаниямыздың қызметкерлерінің арасында дертке шалдығу статистикасының өсуіне және облыстағы эпидемиологиялық жағдайдың күрделігіне байланысты Сіздерді енгізілген қатаң шектеу шараларына түсіністікпен қарауға шақырамын. Әлеуметтік оқшаулану шараларын, маска тағу, COVID-19 инфекциясынан сақтану үшін барлық санитарлық-гигиеналық талаптарды орындауға шақырамын. Имунитеттеріңізді дұрыс тамақтану арқылы және дәрумендермен көтеріңіздер. Біздің кен орындарымызда мұнай өндіруді тікелей қамтамасыз ететін жұмысшыларға қазіргі кезде жоғары сапалылық аса қажет. Өндірістік қызметкерлер құрамындағы жұмысшылардың жаппай ауруы жоспарланған мақсаттарға қол жеткізуге тікелей әсер етеді. Мұның бәрі компанияның тағдыры мен отбасыларымыздың амандығына деген біріккен жауапкершілігімізді арттырады!

Құрметті әріптестер!

Компания басшылығы Сіздердің науқас азаматтардың стационарларда сапалы медициналық көмек алуға, дәрігердің жазып берген дәрілерін уақытылы қабылдауға және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудегі кідірістерге қатысты Атырау қаласы мен облыстың елді мекендеріндегі қазіргі күрделі жағдайға алаңдаушылығыңыздан хабардар. Біз өз тарапымыздан сақтандыру компаниясымен мемлекеттік медициналық мекемелерге түсетін ауыртпалықты азайту мақсатында қызметкерлерімізге және олардың отбасыларына медициналық қызметтер көлемін ұлғайту жөнінде келіссөздер жүргізіп жатырмыз. Келіссөздер қорытындылары қосымша хабарланады.

Өзіңіздің және жақындарыңыздың денсаулығын күтіңіз.

Қауіпсіздік шараларын қатаң сақтап, дүрбелеңге бой алдырмаңыз!

Басқарма төрағасы

Есен Қайыржан

20 спорт дәрігері көмекке келді

Облыс әкімі Махамбет Досмұхамбетов облыстық аурухана жанындағы провизорлық стационарға көмекке келген облыстық спорт басқармасының 20 медициналық маманы және Атырау қаласының жастары бастаған еріктілермен кездесті.

Атырау облысында 278 медициналық маман жетіспейді. Жылдар бойы келе жатқан олқылықты толыру үшін жергілікті әкімдік шұғыл шешімдер қабылдауда. Атырау облысының 20 спорт дәрігері бұдан былай қажетті салаларда жұмыс істейтін болады. Кездесу барысында аймақ басшысы ел басына күн туған қысылтаяң шақта алдыңғы қатарда жүрген волонтерлерге де алғысын айтты.

- Қауіпті аймаққа қарамастан өздеріңіз қолдан келетін көмекті көрсетіп отырсыздар. Кислородты балон тасымалдау да оңай жұмыс емес. Қазір адамдар қарапайым ыстықтан қиналып жүрген кезде, сіздер осындай ауыр еңбекті атқарудасыздар. Бір-бірімізге жәрдемдесу, көмектесу арқылы бұл індетті де жеңеміз, - деп ризашылығын білдірді аймақ басшысы Махамбет Досмұхамбетов.

Айта кетелік, қазіргі уақытта Атырауға дәрігер мамандармен Ресей тарапынан көмек көрсетілуде. Бұған дейін Нұр-Сұлтан қаласына уақытша сапармен келген ресейлік алты дәрігер Атырауға келген еді. Сонымен бірге, Ресей елінің Астрахан облысынан 5 дәрігер маман келді.

(Облыста дертпен күреске жергілікті волонтерлар көптеп тартылуда. Егер пандемиямен күрес жұмыстарына атсалысып, қолұшыңызды бергіңіз келсе, еріктілер қызметін ұйымдастырушы Әмина Жәрдемқызына (+7 775 454 04 90) хабарласуға болады, - ред.)



COVID такси қызметі іске қосылды



Қазіргі уақытта COVID такси пневмония және коронавирустан үй жағдайында емделіп жатқан науқастарға қызмет көрсетуде. Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, аталмыш қызмет түрі ел бойынша бірінші болып Атырау облысында ұйымдастырылып отыр. Әзірге COVID такси түнгі кезекте қызмет көрсетуде. Алдағы уақытта аталмыш такси санын көбейту жоспарлануда.

Атырау облыстық жедел жәрдем қызметі стансасы директорының м.а. Наргиз Баймолдаеваның айтуынша, қазіргі уақытта жедел жәрдем қызметіне түсіп жатқан шақыртулар өте көп.

- COVID такси қызметі жүктемені азайтуға ықпал етуде. Ол толыққанды бригадамен тең дәрежеде медициналық қызмет көрсете алады. Бұл қызмет коронавирус, пневмонияға шалдыққандармен бірге, қызуы көтеріліп тұрған науқастардың шақыртуына да барады. Және егер коронавирусқа шалдыққан науқас дәрігердің қабылдауынан шығып, үйіне жете алмай тұрған жағдайларда COVID такси қызметін пайдалана алады, - дейді ол.

Атап өтерлігі, COVID такси жүргізушілері қажет жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсете алады. Олар базалық реанимациялық көмек бойынша оқытудан өтті.

Пандемия басталғалы бері Атырауда жедел жәрдемге шақырту көбейген. Бұрын шақыртулар тәулігіне 700-800 рет тіркелсе, қазіргі облыс бойынша шақырулар саны 1300-ге дейін артқан.

Медициналық препараттардың үлкен партиясы бар тағы бір жүк көлігі келді

15 шілде күні Атырауға тағы да ірі көлемде дәрі-дәрмек жеткізілді, оның ішінде коронавирусқа шалдыққандарды емдейтін медициналық препараттар да бар.

Алматыдан Атырауға жалпы құны 220 млн теңгені құрайтын 470 дәрі-дәрмектің 2 мыңнан астам қораптары жеткізілді. Алынған дәрі-дәрмектердің ішінде антибиотиктер мен қызу түсіруге арналған дәрілер бар. Бұл дәрі-дәрмектер облыстың дәріханаларына таратылуда.

Бұрын препараттар теміржолмен жеткізілетін. Оған 10 күн немесе одан көп уақыт кететін. Ал қазір облыс әкімдігі дәрі-дәрмектерді ұшақ және жүк көліктерімен жылдам жеткізуді ұйымдастырып отыр. Облыс әкімдігі дәрі-дәрмектерді жедел жеткізу жұмыстары жалғасатынын айтты.

Айта кетейік, бұған дейін Атырауға Алматыдан COVID-19 инфекциясын емдеуге арналған меди -

дикамент тиеген ұшақ келген болатын. Сондай-ақ, препараттардың бағасының белгіленген мөлшерден аспауын және олардың әр адамға тиесілі мөлшерден артық сатылмауын қадағалау үшін облыс әкімдігі мен «ФармҚауымдастық» ҚБ және Атырау облысы бойынша тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті арнайы меморандумға қол қойған.



Ембінің Директорлар кеңесінің құрамы өзгертілді

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 25 маусымдағы шешімімен «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшелері Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы мен Украсин Игорь Александровичтің өкілеттіліктері мерзімінен бұрын аяқталды. Осы шешіммен ЕМГ Директорлар Кеңесінің алты адамнан тұратын жаңа құрамы бекітілді:

Марабаев Жақып Нәсіпқалиұлы

ЕМГ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнай-Газ» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының өндіру және барлау жөніндегі орынбасары;

Хасанов Дәулетжан Кеңесұлы

ЕМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ адами ресурстарды басқару департа -

ментінің директоры;

Бекназарова Айгүл Жақсықұлқызы

ЕМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ қаржы департаментінің директоры;

Есен Қайржан

ЕМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, ЕМГ Басқарма төрағасы;

Ізбасов Мақсым Шафиқұлы

ЕМГ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры;

Ертлесова Жаннат Жорғалиқызы

ЕМГ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, «Эксперт Қазақстан» ЖШС директоры;

Ембі мұнайшылары пандемиямен күрес үшін Атырау облысы әкімдігіне қолдау көрсетті


3 шілдеде Басқарма төрағасы Е.Қайыржан бастаған «Ембімұнайгаз» АҚ-ның басшылық тобы шектеулі құраммен коронавирус инфекциясынан қаза тапқан отандастарды бір минут үнсіздікпен еске алды.


Ембілік мұнайшылар пандемия салдарынан туыстары мен ағайындарынан айырылған қазақтандықтардың қайғысы мен қайғысына ортақтасды. Зардап шеккендердің қатарында біздің зейнеткерлікке шыққан қызметкерлеріміз, әріптестеріміздің туыстары бар, біз оларға компания атынан көңіл айтамыз. Ендігі біздің ортақ міндетіміз - басқа

отандастарымыздың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында пандемияға қарсы жалпы күреске нақты үлес қосу.

Пандемия басталғаннан бастап бүгінгі күнге дейін Ембі Атырау облысының әкімдігімен бірлесе отырып, облыс халқына жан-жақты қолдау көрсетті. Бүгінде компания Атырау облыстық ауруханасына өкпені жасанды желдетуге арналған оттегі концентраторларын алуға, оперблоктарды, реанимацияларды, диализ орталықтары мен провизорлық бөлімшелерді медициналық газбен қамтамасыз ету жүйесін жүргізу үшін медициналық жабдықтарды алу үшін **146 миллион** теңге көлемінде демеушілік көмек көрсетті. Осындай мақсатта және жеке сақтандыру құралдарын алуға Жылыой аудандық ауруханасына **35 миллион** теңге аударылды. Атырау облысының аудандық әкімдіктеріне жасалған өзге қолдау түрлерін есептемегенде, өңір тұрғындарына көрсетілген көмектің жалпы сомасы **300 миллионға жуық** теңгені құрайды.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін ЕМГ Атырау қаласының Береке ықшам ауданындағы карантиндік стационарларды тұрмыстық техникамен және гигиеналық қажетті заттармен қамтамасыз етуге **100 миллион** теңге бөлген болатын. Атырау облысы әкімдігінің сұранысына сәйкес Махамбет ауданы әкімдігіне қайтадан ашылған провизорлық орталықтың қажеттіліктері үшін автобус бөлінді. Өткен сенбі күні Атырау облысы әкімдігінің сұранысы бойынша облыстық ауруханаға **40** оттегі баллоны тапсырылды. Сонымен қатар, Исатай, Мақат, Жылыой және Қызылқоға аудандарының әкімдіктеріне блок-посттар ұйымдастыруға, дезинфекциялық жұмыстарды жүргізуге және халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтарына қолдау көрсетілді.





Дертке шалдықсаңыз, оның асқынуына жол бермеңіз

немесе ауырып қалған жағдайда ескеруіміз керек алғашқы қадамдар

Коронавирус дертіне қарсы нақты вакцина жоқ, бұл белгілі. Алайда, пандемиямен күресіп, жеңіп шыққандар бар. Шынын айту керек, бүгінде дертке шалдыққандар саны көп, бұл індет бәрімізді де айналып өткен жоқ. Әлі де ауырып жатқандар қаншама. Дерт белгісі байқала қалған жағдайда әрқайсымыз неге дайын болуымыз керек, алғашқы қолға алатын негізгі шарттар қандай деген сауалдар төңірегінде әңгіме қозғамақшымыз. «Дәрігер кеңесі» айдарында «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша отбасылық дәрігер, 13 жылдан астам еңбек өтілі бар терапевт Тәттігүл Жұмабекқызы Абилова дерт белгісі байқалған жағдайда міндетті түрде ескеру керек кеңестерді назарларыңызға ұсынады.

АЛҒАШҚЫ БЕЛГІЛЕР

- ✓ Температура
- ✓ Әлсіздік
- ✓ Иіс пен тағамның дәмін сезбеу
- ✓ Нәжістің сұйықталуы (жидкий стул)
- ✓ Жөтел
- ✓ Тыныс алудың қиындауы


АЛҒАШҚЫ ЖАСАЙТЫН ҚАДАМ

- ✓ Учаскелік дәрігерге хабарласып, жағдайды баяндау;
- ✓ Үйде болу, төсек режимін сақтау;
- ✓ Үйдегі өзге жандардан барынша оқшаулану;
- ✓ Күніне бірнеше рет дене қысымын (температураны) өлшеп отыру.

ӨЗІҢІЗГЕ ӨЗІҢІЗ ЖАСАЙТЫН ЕМ ЖОЛДАРЫ

Температураны көтерілсе, төмендегі дәрінің тек біреуін ғана пайдаланыңыз:

- ✓ Парацетомол,
- ✓ Ибупрофен,
- ✓ Нимесулид
- ✓ Сонымен қатар, сұйықтықты көп мөлшерде ішіңіз.



ДЕРТКЕ ШАЛДЫҚҚАН КЕЗДЕ (АУЫР ЕМЕС ФОРМАДА) ОТБАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕ ЖАНДАРДАН ОҚШАУЛАНУ ҮНЕМІ МҮМКІН БОЛА БЕРМЕЙТІНІН АНЫҚ, СОНДА НЕ ІСТЕУІМІЗ КЕРЕК?



Бөлмелерді жиі тазалаңыз



Антисептикті жиі пайдаланыңыз



Оқшаулануды сақтаныңыз

- ✓ Дерттің алғашқы белгілері байқалғанда оны өзгелерге «жұқтыру» деңгейі жоғары болады.

ЖОҒАРҒЫ ТЕМПЕРАТУРА ҚАНША КҮН САҚТАЛАДЫ?

✓ Жай грипп кезінде жоғары температура 2-3 күн сақталса, COVID-19 вирусында температура 7-10 күн сақталады. Одан қорқып, уайымға берілудің керекі жоқ. Барынша, сабырлылықты сақтап, жоғарыда айтылған ем жолдарын жасаңыз.

ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА ВИРУСҚА ҚАРСЫ ҚАНДАЙ ПРЕПАРАТТЫ ПАЙДАЛАНҒАН ЖӨН?

✓ Бірден нақты бір препаратты пайдалануға асықпаңыз. Жоғарыда аталған алғашқы ем жолдарын жасаңыз. Үй жағдайында пайдаланған препарат өзге ішкі организмнің кері әсерін тигізуі әбден мүмкін.

ТРОМБОЗДЫҢ (ҚАННЫҢ ҚОЮЛАНУЫ) АЛДЫН АЛУ ҮШІН:

✓ Тромбоздың қауіптілігі сезілсе, ацетилсалицин қышқылын күніне 100 мг-нан 15-20 күн бойы ішіңіз, бұл жерде ескеру керек жәйт, қант диабеті мен өзіңіздің тұрақты қан қысымыңызды білуіңіз керек. Егер бұл жөнінде проблема болса, аталған қышқылды пайдаланбас бұрын учаскелік дәрігерге хабарласыңыз.

КТ (КОМПЬЮТЕРЛІК ТОМОГРАФИЯ) ЖАСАУДЫҢ ҚАЖЕТІЛІГІ БАР МА?


✓ Бүгінгі таңда КТ жасау үшін ұзын-сонар кезекке тұруыңызға тура келеді. Оның үстіне, барлық адамға КТ жасау міндетті емес. Егер сіз үйде ем алып жатсаңыз (дертіңіз ауыр емес формада болса), КТ жасаудың қажеттілігі жоқ. Ал, егер тыныс алуыңыз қиындап, ентігу байқалса, «жедел жәрдем» шақыртыңыз, сізге КТ қажеттілігін сол жерде дәрігерлер өздері анықтайды.

УЧАСКЕЛІК ДӘРІГЕРГЕ ХАБАРЛАСУ ҮНЕМІ МҮМКІН БОЛА БЕРМЕЙДІ...

✓ Жалпы, әр адамға дәрігер ретінде кеңесім, денсаулығыңызды үнемі байқап отыратын «өзін-өзі тексеру парағын» жүргізуді (лист самоконтроля) ұсынамын. Ол 0-ден 5 балл көлемінде жүргізіледі: дерт белгісі байқалмайды; аздап байқала бастады; дерт белгісі әлсіздеу, орташадан төмен; дерт белгісі орташа; дерт белгісі орташадан жоғары; дерт қатты байқалып тұр.

Тексеру парағыңыз 4 пен 5-ті көрсеткенде дәрігерге хабарласыңыз.

✓ Ең бастысы, уайымға берілмеңіз. Дерттің ауыр емес формасында, яғни, үйден ем алған жағдайда, дұрыс тамақтанып, дұрыс ұйықтап, сұйықтықты молырақ ішіп, таза ауада (3 адамнан артық болмауы керек) тыныс алған жөн.



«Қайнармұнайгаз» МГӨБ басшысы Мәлік ЖҮНІСОВ: «Нәтижеміз жақсы...»

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұжымы 2019

жылды жақсы көрсеткішпен аяқтады. 2020 жылдың алғашқы жарты жылдығында да көрсеткіш ойдағыдай. Сұхбатымызды осы жақсы жаңалықтан бастасақ...

- Өндірістегі жақсы жұмыстарды нақты сандарға жүгіне отырып, баяндасам. 2019 жылдың қорытындысы бойынша алғашқы жасалған жоспардағы көрсеткіштен тыс қосымша 16 125 тонна өнім өндіріліп, 2 221 тонна мұнай жоспардан тыс тапсырылды. 2020 жылғы мұнай өндіру жоспарымыз 481 670 тоннаны құраса, қазіргі таңда бес айдың қорытындысымен бойынша жоспардан 3 980 тн мұнай артық өндіріп келеміз.

- Жақсы нәтижеге қол жеткізуіміздің себептеріне тоқтала кетсеңіз...

- 2019 жылға жоспарланған мұнай өндірудің негізгі көрсеткішін орындау мақсатында геологиялық-техникалық шаралар жоспарланып қосымша мұнай өндіру көзделген. Нәтижеміз жақсы. 13 жаңа ұңғы бұрғылаудан кейін іске қосылып, олардан 12 517 тонна мұнай өндіру жоспарланған болатын, нәтижесінде жоспардан екі есе артық, яғни, 25 645 тонна мұнай өндірілді. Соның ішінде, айта кететіні Ембі тарихында алғашқы 3 горизонталды ұңғы біздің басқармада бұрғыланып, осыған дейінгі вертикалды қазылған ұңғылармен салыстырғанда жоғары өнімділікке қол жеткізілді. Қазіргі таңда 3 ұңғы да жақсы өнім беріп тұр.

Басқарманың жылдық жоспарына сәйкес, өз күшімізбен былтырғы жылы 778 ұңғыда әртүрлі жерасты жөндеу жұмыстары да жүргізілді. Бұл жұмыстардың сапалы да оңтайлы атқарылғандығының арқасында, ұңғылардың нақты жөндеуаралық уақыты 343 тәулікке дейін жетіп, жоспарланған тәуліктен 74 тәулікке ұзарды. Осылайша, мұнай өндіру барысында басқарма ұжымы жоспарды артығымен орындауға қол жеткізді.

2019 жылдың ақпан айында жаңадан ашылған Солтүстік Уаз кен орнын өз күшімізбен іске қостық. Бұрын қазылған екі ұңғыдан бөлек жыл барысында тағы бес бағалау ұңғысы қазылып, мұнай өнімділігі үш ұңғыда дәлелденді. Кен орны бойынша 11 айда 7 506 тонна мұнай өндірілді.

Басқарма бойынша мемлекеттік балансқа тіркелген өндіруге болатын қалдық мұнай қоры қазіргі таңда 26 млн тонна шамасында, оның 70% - Шығыс Молдабек кен орны тұтқырлығы жоғары, өндіруі қиын бор қабатының мұнайы. Осы үлкен қорды игеруді жүзеге асыру мақсатында өткен жылдың тамызынан бастап М-II бор қойнауқатында сынама алаңы анықталып, екі су айдау ұңғысы арқылы полимер айдау басталды. Мұндағы мақсат - 300-400 сП жоғары тұтқырлықты М-II бор қойнауқат мұнайын 25-30 сП полимерлік қоспа агентімен ысырып, қабаттың мұнай бергіштігін арттыру. Сынақ уақыты үш жылға созылады, жақсы нәтижеге қол жеткізілген жағдайда, барлық М-II бор қойнауқатына қолданылатын болады.

2019 ж. қол жеткізген тағы бір жетістігіміз - Уаз және Шығыс Уаз кен орындарында бағалау ұңғыларын бұрғылау нәтижесінде өнімділік ауданы ке-



ңіп, жаңа қойнауқаттар табылып, кен орындарды әрі қарай барлауға жол ашылуда. Биыл сол жұмыстар жалғасын табады деп жоспарлануда.

- Өндіріс тынысын кеңейтетін шараның бірі - жаңа әдістер мен жаңа технологияның қолға алынуы. Әңгіме бағытын осы мәселеге бұрсақ...

- Әлемде жеңіл өндірілетін мұнайдың қоры таусылуға жақын екені белгілі. Бұған қоса, әлемде мұнайға қажеттіліктің өсуіне байланысты, энергетикалық нарық мұнай-газ компанияларын қою мұнайлы күрделі кен орындарын игеруді инвестициялауға мәжбүр етеді. Бұл кен орындарында ерекше әдістермен жаңа технология пайдалану қажеттілігін туындатып отыр.

Басқармаға қарасты Ш.Молдабек геологиялық көзқарас жағынан осындай бірегей кен саналады. Бұл кен орны, негізінен, тайыз, мұнайы қою және құрамында құм мөлшері көп ұңғылардан тұратындықтан, ұңғы қорының 80% ЭБС-мен жұмыс жасайды. Аталған кен орнында ерекше әдістермен жаңа технология пайдалану мақсатында 2019 ж. ЭБС-мен жабдықталған екі ұңғыда батпалы (погружной), яғни, шыбықсыз ЭБС қондырғысы тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақ жасалып, оң нәтиже берді. Толығырақ тоқталсақ, Ш.Молдабек кен орнындағы №404 және №414 ұңғыларға жүргізілді. Сынақ өткізгенге дейін бұл ұңғылар жиі құмығып, жерасты жабдықтарының тұтылуы үнемі орын алып, қол бөгейтін. Әр құмыққан сайын ұңғылардың, әсіресе, шыбықтарының тозығы жетіп, жерасты жұмыстарын жүргізуге әкеліп соқтыратын. Соның салдарынан ұңғылардың жөндеуаралық кезең бар болғаны 60 күнді құрайтын, ұңғылардан тәулігіне шаққанда әртүрлі көлемде өнім жоғалтатынбыз.

Сонымен қатар, оң нәтиже көрсеткен жаңа технология - УДС-Техно-101 автоматты қырғышы мұнай құрамында парафині көп қойнауқатта фонтанды тәсілмен жұмыс жасайтын ұңғыларға арналған. Парафиннің молдығынан ұңғының бітелуі Солтүстік Уазда орын алып келді. Бұрын бұл қырғышты УС-10 ұңғысына жібермей тұрып, ұңғы оқпанын түзілген парафиннен ыссы маймен айына бір рет өңдеп алып отыратынбыз. 2019 ж. қазанда УДС-Техно-101 қырғышы ұңғыға түсірілді, бірақ, бір айдан соң ұңғының сулануына байланысты фонтан аяқталып, қырғыш ұңғыдан шығарылды. Дегенмен, көтерген кезде құбырлардың саңылауы парафинен таза болғаны анықталды. Осыған байланысты, шығарылған қырғыш кейін У-26 фонтанды ұңғымасына жіберілді.



Сол кездегі «Доссормұнайгаз» МГӨБ басшысы М.Қилыбаевтың тапсырмасымен, мұнайшылардың тынысын фотосуреттерге түсіріп, безендіру стендтарын жасақтады, «Доссор» энциклопедиясын құрастыруға атсалысты.

- Сол кезде, мұнайшылардың өмірбаяндарымен танысып, еңбектерін, елдің дамуына қосып жатқан үлестерін көріп, қызығатынмын. Олардың қажырлы еңбектерін өзімнің шығармашылық жұмыстарымда көрсетуге тырыстым. 2013 жылы Доссор мұнайшылар мәдениет сарайы әкімшілікке қайтарылған соң, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-на 3-санатты оператор мамандығы бойынша жұмысқа ауысыммен келдім, - дейді Ораз Төлешов бізбен әңгімесінде.

Әріптесіміздің бейнелеу өнеріне келуіне бала кезінде нағашысы себепші болған. Үйге нағашысы келгенде кішкентай Ораз сурет салдыртып алып, кейін сол суретті терезеге қойып бастыратын. Сөйтіп, қолын жаттықтырып, кейін біртіндеп суретке қарап салуды үйренді.

Оның шығармалары шынайы. Олар әрбір көрерменге етене жақын әрі түсінікті. Туындыларында түстер ерекше сыр шертеді. Үлкен кәсіби шеберлікпен, терең мағынамен салынған суреттері көптің сұранысына ие болып, халықтың назарына ұсынылуда.



Ел мерейін асыру жолында «қара алтын» өндіріп, еңбек тынысын толастатпай, кен орындарында өндірістің қазанын бұрқ-сарқ қайнатып жүрген мұнайшы әріптестеріміздің қатарында өнерімен көпті таңқалдыратын жандар жетерлік. Солардың бірі – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №5 мұнай және газ өндіру цехының операторы Ораз ТӨЛЕШОВ.

Еңбек жолын 2001 жылы «Доссормұнайгаз» МГӨБ-не қарасты Мұнайшылар мәдениет сарайында суретші-безендіруші болып бастаған ол мұнайшылармен тығыз байланыста еңбек етті.

- Мен негізінен тарихи жанрды ұнатамын. Ақтабан шұбырынды оқиғасына байланысты «Ананың зары», «Ақтабан шұбырынды», М.Өтемісұлының «Мұнар күн», «Жалғыздықпен болдым дос» (Доссор поселкесінің мұражайында), Ұлы Отан соғысы тақырыбында «Өмірімді қиямын», Желтоқсан тақырыбында «Мен қазақпын!» (Атырау қаласындағы Ш.Сариев атындағы өнер мұражайында) және «Батырлар айқасы», «Өрт сөндірушілер», «Көктем» сияқты т.б. Жұмыстарым (жеке адамдардың коллекциясында) бар.

О.Төлешовтің туындылары өткен жылы Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай ЕМГ өндірістік басқармалары арасында ұйымдастырылған мәдениет күндерінде «Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұжымының көрмесінде орын тауып, ембілік әріптестері тарапынан да оң бағалауға ие болды.

«Жігітке жеті өнер де аз» демекші, әріптес-кейіпкеріміз қылқалам шеберімен қоса, мықты қолөнерші екенін замандастары жақсы біледі. Оның қолынан шыққан қолөнер бұйымдары – аққу, арқа мүсіндерін Атырау облысы аумағындағы тас жолдары бойынан кездестіреміз.

- Хоббиіммен бос уақытымда, вахтааралық демалыс кезінде айналысамын. Яғни, екі сала – мұнайшылық пен өнерді қатар алып жүру еш қиындық келтірмейді, - дейді суретші-мұнайшы.



Дастан Абдулғафаров: «ҚазМұнайГаз» 2021 жылдың соңына дейін мұнайдың төмен бағасына дайындалуда

Компания шығындарды оңтайландыра отырып, дағдарысқа қарсы бағдарламаны іске асыруда. Дағдарыс және оның «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына ықпалы туралы Басқарма төрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары Дастан Абдулғафаров баяндады.



- Дастан Елемесұлы, жалпы әлемдегі дағдарыс тұтыну көлемінің күрт төмендеуіне, импорттың шектелуіне, жол және әуе тасымалының азаюына, жұмыс күшінің ауысуына ықпал еткені белгілі. Осының бәрін түйіндейтін болсақ, ҚМГ қандай қиындықтарға тап болды?

- Дағдарыс ҚР мұнай-газ саласында қуат көздері бағасының төмендеуіне, экспорт көлемі мен мұнай өнімдерінің ішкі тұтынуының азаюына, мұнай өңдеу зауыттарында шикі мұнайды өңдеу көлемінің қысқаруына және сақтау сыйымдылықтарының шамадан тыс толуына алып келді. Міне, соның салдары ҚМГ-ға едәуір кері әсер етті. Бірінші кезекте, негізінен түсімнің біраз төмендеуіне байланысты жоспарлы қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізбейміз. Бұл өз кезегінде кассалық алшақтыққа, кредиттік рейтингтердің төмендеуіне және ковенанттардың бұзылуына әкелуі ықтимал. Дағдарыс компаниямыздың басқа да қызмет бағыттарына өз салқынын тигізді. Сұраныс төмендеді, сондықтан, бұған дейін жоспарланған көрсеткіштермен салыстарсақ, Қытайға экспортталған газ көлемі шамалы кеміді. Сол себепті, ҚМГ мұнай өнімдерін сақтау көлемінің шамадан тыс көп болуын алдын алу мақсатында зауыттарда мұнай өңдеу өндірісін азайтып жатыр.

Дағдарыс ҚМГ-ның инвестициялық қызметіне де елеулі ықпалын тигізуде. Шекаралар жабылып, карантин енгізілгеннен кейін инвестициялық жобалардың басым бөлігі іске асырылмай қалып, оларды орындау мерзімі кейінге шегерілді. Теңгеге шаққандағы валюта бағамының өсуі жобалар бойынша шығындардың артуына әкелді. Бұл кіріс бойынша болжамның төмендеуімен қатар жаңа жобаларды іске қосу жөніндегі шешімдердің қабылдауына да жағымсыз ықпал етті.

Осының бәрін ескере отырып, ағымдағы шығындарды өтеу де бізге оңай болып жатқан жоқ. Себебі, алдағы уақытқа болжамданып отырған және қазірдің өзінде түсіп жатқан кірістердің деңгейі төмен. Жұмысымызды қалыпты тәсілдер бойынша жалғастыратын болсақ, бұған дейін жинақталған қаражаттың барлығын жұмсап жіберу қауіпі төніп тұр. Сонымен қатар, басқа да дағдарыс басталған жағдайда барлық қорымыздан айырылып қалу қауіпі тағы бар. Егер мұнай бағасы 2019 жылдың

деңгейіне дейін көтерілмесе, онда ҚМГ жағдайы дағдарыс салдарынан оңалмай, нарықтағы өзінің тұрақты позицияларын жоғалтуы әбден мүмкін.

- Сондықтан ҚМГ дағдарысқа қарсы стратегияның әзірленгені туралы мәлімдеді. Қолға алынған шаралар, жоспарларыңыз туралы және қандай нәтиже күтесіздер, сол жөнінде айтып берсеңіз.

- Иә, компания 2020-2021 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы стратегияны әзірледі. Ол қысқа мерзімге есептелген, сол себепті икемді және қалыптасқан жағдайға компанияның шұғыл әрекет етуін көздейді. Біз өндірістік және кадрлық әлеуетті барынша сақтай отырып, компанияны мұнайдың төмен бағасына бейімдей отырып, ҚМГ дағдарыстан кейін жұмыс істейтін ресурстар, технология мен құзыреттерді жинақтауымыз қажет.

Дағдарысқа қарсы стратегияны әзірлеген кезде біз мұнайдың төмен бағасы 2021 жылдың соңына дейін сақталуы мүмкін деген болжамға дайындалдық. Сондықтан өз алдымызға бірнеше негізгі міндеттер қойдық.

Біріншіден, ҚМГ әлемнің алпауыт компаниялары БигПи, Шелл, Тоталь, Эксон Мобил сияқты шығындарын қысқарта бастады. Қазіргі уақытта біз барлық шығындарды 146 млрд теңгеге, соның ішінде күрделі шығындарды 103 млрд теңгеге, операциялық шығындарды 26 млрд теңгеге, әкімшілік шығындарды 17 млрд теңгеше қысқарттық. Корпоративтік орталықтың жұмысын өзгерттік. Орталық аппарат дер кезінде тиімді шешім қабылдай алатын, шағын, мобильді болуы тиіс. Біз орталық аппараттың ұйымдық құрылымын қайта қарап, аппараттағы қызметкерлер санын қысқарттық. Компания басшылығының жалақыларын азайттық. Қатардағы қызметкерлердің еңбекақысы өзгеріссіз қалды. Бұдан бөлек, біз сыйақылардан мүлдем бас тарттық. Жыл соңына дейін корпоративтік орталықтың қызметкерлеріне ешқандай сыйақы мен бонустар төленбейді.

Осының барлығын санасақ, басшылардың кірісі 50 және одан да көп пайызға азайды. Тек корпоративтік орталық бойынша еңбекақы қорын үнемдеу 5 млрд теңгені құрайды.

Еншілес кәсіпорындарда өндіріске қатысы жоқ және қызметкерлерді жұмыспен қамтуына әсер етпейтін барлық шығындар қысқартылды. Алдағы жағдайға қарай тағы да қандай шығындарды оңтайландыруға болатынын қарастырамыз. Біз өндірістегі қызметкерлерді қысқартпаймыз. Басты міндетіміз – жұмысшы мамандықтарды сақтап қалу.

Екіншіден, алдымызда икемді өндірісті қамтамасыз ету мәселесі тұр. Бұл дегеніміз пайдасыз ұңғымалар қорын тоқтату есебінен өндіру көлемі қысқаруы ықтимал. Бұдан бөлек, мұнай өндіру көлемі ОПЕК+ мәмілесі аясында Қазақстан қабылдаған міндеттер есебінен де азаятын болады.

(Басы. Жалғасы 8 бетте)

(Жалғасы. Басы 7 бетте).

Үшіншіден, өздеріңіз білесіздер, біз бейінді емес активтерді шығару жөніндегі стратегияны іске асырып келеміз. Сонымен бірге, дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде, мысалы, өз өзін ақтаған және қазір өндірісі құлдыраған бейінді активтерді де қоса алғанда, дивестициялар бағдарламасы тұрғысында түбегейлі шараларды қабылдау мүмкіндігін қарастырып жатырмыз. Бұл бізге бүгінгі таңда аса қажетті қосымша оңтайландыруды және ақша қаражатының түсімін қамтамасыз етеді.

Төртінші, мұнай мен газдың ресурстық базасын ұлғайту. Кез келген дағдарыс кезінде тәжірибе жинақтап қана қоймай, көптеген мүмкіндіктерге жол ашылатыны белгілі. Мысалы, ҚМГ қазіргі жағдайда компаниялары тобына синергиялық әсері бар, экспорттық нарықтарға шыға алатын, сондай-ақ, заманауи технологиялармен жабдықталған активтерді сатып алу мүмкіндігін қарастыруда. Бұл келешекте табысты жобалар болуы ықтимал, оларға назар аудару қажет.

- ҚМГ ұлттық компания мен еншілес ұйымдар арасындағы міндеттер бөлінетіні туралы жариялаған болатын. Бұл жұмыс қалай жүруде?

- Қазіргідей дағдарыс кезеңінде активтерді басқарудағы икемділіктің маңызы зор. Біз басқару кезінде болар жағдайды алдын ала болжап, сапалы басқарушылық шешімдерді шұғыл қабылдауымыз қажет. Ол үшін корпоративтік орталық пен еншілес кәсіпорындар арасында өкілеттіліктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты бөліп алуымыз керек. Бұл бизнес-үдерістерді оңтайландыру және аралық шешімдердің санын қысқарту есебінен бюрократиялық жүктемені едәуір азайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, корпоративтік орталық орта және ұзақмерзімді болашақта бизнестің мақсатты көрсеткіштерін жоспарлау, қаржылық тұрақтылық, инвестициялық тиімділік, қосымша құн тізбегін басқару, цифрландыру және басқа да стратегиялық мәселелердің шешіміне ден қояды. Бұл ретте, жоспар бойынша HR, сатып алу және қаржылық функциялардағы күнделікті іске асырылатын процестердің бір бөлігі ортақ қызмет көрсету орталығымызға берілмек. IT қызметі бұл орталыққа беріліп қойған.

Компанияның технологиялық дамуы мен инновацияларына, әсіресе, барлау және өндіру бағытындағы дамуына «ҚМГ Инжиниринг» мекемесі жауапты болатынын ерекше атап өткен жөн. Себебі, бұл - белгілі бір мамандандырылған кәсіби шеберлігі жоғары сарапшылардың шоғырлануын талап ететін жекелеген жұмыс.

- ҚМГ көнерген кен орындарды игеруде, бұған дейін де олардың өзіндік құнына қатысты талай қиындықтар туындаған. Осы мәселенің түйіні қандай?

- Дұрыс айтасыз. ҚМГ-ға қарасты кейбір кәсіпорындар ескі кен орындарды игеріп жатыр. Бұл - мұнай өндірудің «шыңына» жеткен кен орындар. Ұлттық компанияның осы мәселемен айналысқанына бірнеше жыл болды. Жұмыстардың сапасы мен тиімділігін арттыру, қорлардың орнын толтыру тәсілдерін іздестіру, жаңа қорларды дайындау жә -

не оларды жаңа, сондай-ақ, ескі кен орындарында, соның ішінде барлауға дейінгі қорытынды бойынша игеруге енгізу мәселелеріне ден қойылған.

Айталық, 2017 ж. ҚМГ қайта барлаудың егжей-тегжейлі бағдарламасын әзірледі. Ол дәлдігі жоғары 3Д сейсмобарлауды және жаңа ұңғымаларды бұрғылауды қоса алғанда, белгілі бір кен орындарды қайта барлау жөнінде іс-шараларды іске асырудың түрлері, көлемі мен мерзімі бойынша ұсыныстарды қамтыды. Бүгінде осы жұмыстардың нәтижесі бар, қосымша қорлар балансқа қойылып, өндіруге енгізілді.

Біз салық жеңілдіктері тұрғысында мемлекеттік органдармен де өзара жұмыс істейміз. Өзен кен орны бойынша алдағы 3 жылға 2,6% мөлшерінде пайдалы қазбаларды өндіру салығына жеңілдік берілді. Үнемделген қаражаттың бір бөлігі Жаңа-өзен қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына жұмсалса, бір бөлігі «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның жеке өндірістік процестеріне инвестицияланады.

Өкінішке қарай, әлемнің қаржы және мұнай нарығындағы дағдарыстың, мұнайға төмен бағаның салдарынан Ұлттық компанияға қарасты бірқатар мұнай өндіру активтері өндірістің шығынсыз деңгейін қамтамасыз ете алмайды. Бұл мұнай өндіру көлемінің азаюына әкеледі. Әсіресе, бұл өзіндік құны жоғары ескі кен орындарға байланысты.

- Шетел инвестицияларын тарту үшін геологиялық барлау саласында қандай шаралар қабылданып жатыр?

- ҚМГ өзінің стратегиялық серіктестерімен бірге барлау активтері бойынша жұмыстарын жалғастыруда. Айта кететін жәйт, аталған жобалар кэрри-қаржыландыру шарттары негізінде жүзеге асырылады. Яғни, стратегиялық серіктестес барлаудың барлық кезеңдеріндегі шығындарды 100% өз есебінен қаржыландырады. Геологиялық барлау тәуекелі жоғары іс-шара болғандықтан, бұл жаңа кен орындарды іздеу тәуекелдерін бірге көтеріп, озық технологияларды тарту және әлемдік мамандармен тәжірибе алмасудың бірегей мүмкіндігі болып табылады. Сонымен қатар, әлемдік мұнай-газ компанияларымен еліміздің шөгінді алаптарын және барлау блоктарын бірлесіп зерттеу жөнінде келісімдер жасалады.

Әлбетте, мұнай бағасы құлдыраған кезеңде компания өзінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін дағдарысқа қарсы шараларды барлық бағыттар бойынша қабылдауға міндетті. Соның ішінде, геологиялық барлау да бар. Бүгінгі таңда тәуекелдерді жіктеу және көп қаражатты талап ететін жаңа жобаларды реттеу шаралары іске асырылды. Нәтижесі бойынша барынша перспективті учаскелерде жұмыстарды жалғастыру жөнінде тиісті шешімдер қабылданды. Бұл ретте тәуекелдерді бірге көтеру үшін отандық және шетел серіктестерінің болуы ескерілді.

Қорлардың орнын толтыру және тиімді барлау жүргізу мәселесі қашанда Ұлттық компанияның стратегиялық міндеттерінің бірі болып келді және солай болып қала береді.

(Жалғасы 9 бетте)

(Жалғасы. Басы 7-8 беттерде).

- Цифрлық трансформациялау бағдарламасы кейінге шегеріле ме?

- Цифрлық трансформациялау жобасын біз дағдарысқа қарсы стратегияның бір бағыты ретінде қарастырамыз. Бұл бүгінгі күннің талабы екенін жақсы түсінеміз. Осы бағытты дұрыс қолға алсақ, компанияның мүмкіндіктері кеңейе түседі. Дегенмен, артық қыламыз деп, тыртық қылудың қажеті жоқ. Біз трансформациялық жобаларды мұқият саралап, жан-жақты ойластырып барып іріктеп аламыз. Нақты қаржылай табыс әкелетін жобаларға басымдық берілетін болады.

Қазіргі уақытта бізде түрлі бағыттағы жобалар бар, көбісін біз жалғастырамыз. Көпфункционалды ортақ қызмет көрсету орталығын құру және жаңартылған ERP жүйесін енгізу шығындарды қысқартуға, бизнес-үдерістердің ашықтығын арттыруға бағытталған. Бұдан бөлек, өндірістегі қатынастар мәдениетін дамытуға көмектесетін HR-бастамалары мен Lean Six Sigma бағдарламасы да бар. Осының бәрі адамдардың күнделікті жұмысына деген қатынасын өзгертіп, еңбек етуге жігерін арттырады.

Жалпы әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, цифрландыру негізінен upstream саласында мейлінше нәтиже береді. Ұлттық компания ұзақ жылдар бойы Интеллектуалды кен орны тұжырымдамасын дамытып келеді. Бұл тұжырымдама кен

орындарынан алынған деректерді кеңінен талдау арқылы мұнай өндіру процесін барынша тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Біз компанияларымыздың ерекшелігін ескере отырып, жасанды интеллектіні қолдану және машинамен оқыту мүмкіндіктерін зерттеп жатырмыз. Мұндай жобаларды енгізу қабылданып жатқан технологиялық шешімдердің тиімділігі мен сапасын арттырады, сондай-ақ, бірінші кезекте операциялық шығындарды оңтайландырады деп есептейміз.

- Компания дағдарысқа қарсы шараларды іске асырғаннан кейін оның нәтижесі қандай болмақ?

- ҚМГ өзінің шығындарын кірістің қазіргі төмен деңгейіне сәйкестендіріп, өз операциялық ағындарын ретке келтірсе, демек біздің міндетіміз табысты орындалғаны. Сонымен бірге, компания бүгінгі күнге дейінгі жинақталған ақша қаражатын барынша сақтап, борыш жүктемесін ескере отырып, осы қаражаттың басым бөлігін операциялық шығындарға емес, стратегиялық даму жобаларына жұмсайтын болса, бұны да жетістік деп санаймыз.

Жоғарыда аталған шаралар дер кезінде іске асырылатын болса, ҚМГ алдағы ықтимал сынақтарға шұғыл әрекет ете алатын, тиімді басқару үлгісі бар компанияға айналатыны сөзсіз. Ол заманның да ауылы алыс емес.

Қауіпсіздігімізге жіті көңіл бөлінуде

Атырау қаласы мен Жылыой ауданында эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына және карантиндік шектеулерге байланысты «Ембімұнайгаз» АҚ барлық кен орындарында COVID-19 инфекциясының таралуына қарсы шаралар күшейтілді.

ЕМГ-нің барлық нысандарында санитарлық-дезинфекциялық режим күшейтіліп, профилактикалық шаралар жүргізілуде. Компанияның жедел штабы жергілікті атқарушы органдармен және санитарлық қызметтермен тұрақты байланыста. Барлық кен орындары штаттық режимде жұмыс жасап келеді.

Кен орындарында қауіпсіз жұмыс жасауымыз үшін барлық жағдайлар жасалды – маска, қолғап, антисептиктермен қамтамасыз етілді. Барлық нысандарда санитайзер жұмыс жасауда. Жұмыс -

шылар арасында ара-қашықтықты сақтау, адамдардың топтасуын болдырмау мақсатында асханаға бару кестесі де жасақталды. Төтенше жағдай кезінде ЕМГ жедел штабы бекіткен жұмыс жоспарына сай қосымша ауысым тобы ұйымдастырылды. «Жұмыстағы топ» және «Ұйқыдағы топ» деп екіге бөлінуіміздің өзі алдын-ала жасалған сақтық шарасының бірі еді.

Денсаулығымызды сақтау - өз қолымызда. Мемлекеттік органдар бекіткен талаптарды қатаң сақтанып, бірігу арқылы бұл індетті жеңіп шығамыз.

Құрамыс САБИРОВ, Нұрболат БАЛМАНОВ, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Оңтүстік Шығыс Қамысты және С.Балғымбаев кен орындарының мұнай-газ өндіру операторлары.

Жеке жауапкершілікті сезіну - маңызды

Пандемия басталғалы бері ЕМГ және «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің өндірістік және әлеуметтік нысандарының әрқайсысында мүмкін болатын инфекциядан сақтық шаралары туралы түсіндірме нұсқаулықтар ілінді. ЕМГ қызметкерлері мен мердігер компаниялардың мұнай және газ өндіру басқармасының барлық кен орындарына кіруі және шығуы теріс нәтижелі ПТР қорытындысымен ғана жүзеге асырылады. Мұнда да жылыойлық мұнайшылар күн сайын тепловизорлардың көмегімен термометриядан өтеді.

Жұмысшылард тасымалын қамтамасыз ететін көліктер әр рейстен кейін дезинфекцияланады,

ал, кеңсе және өндірістік ғимараттарда санитарлық тазарту жұмыстары күніне екі рет жүргізіледі. Бүгінде мемлекеттік органдар мен компанияда коронавирус індетіне қарсы сақтық шаралары жүруде. Үлкен қауіп тудыратын вирус туралы ақпаратпен толық қамтамасыз етіліп отырмыз. Сондықтан, жеке жауапкершілікті сезінуіміз өте маңызды. Денсаулығымызды сақтау үшін үйде де, жұмыста да сақтық шараларына мұқият ден қоюымыз керек.

Нұрай САҒЫТЖАНОВ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Ақінген кен орнының мұнай-газ өндіру операторы.

Сәуірдің сары майы - тұмауға қарсы таптырмас ем

Қазір айналамызда ауырып жатқан адамдар көп.

«Бойымызды әлсіздік билеп, тұмау басталып жатыр» деп денсаулығына шағым айтушылардың қатары өсіп отырғанда, өзіме жақсы таныс халықтық емнің бір түрін ортаға салғым келеді.

Мен - ауылдың қызымын, бала кезден төрт түлік малға жақын өстім. Бүгінде Қызылқоға ауданының Мұқыр ауылының келінімін. Келін болып түскен шаңырағым да төрт түлік малдың бағым-күтімімен айналысады. Содан болса керек, мал өнімінің денсаулыққа қаншалықта пайдалы екенін жақсы білемін десем болады. Бала кезден әжемің мал өнімінің пайдасы туралы әңгімесін құлағымызға сіңіріп өстік. Кейін келін болып өзге шаңыраққа келгенде енемнің кеңесі де осы бағытта болды.

Сонымен, сіздерге мен сәуірдің сары майының пайдасы туралы айтпақшымын. Аты айтып тұрғандай бұл сәуір айында малдың сүтінен дайындалатын қоспасыз таза өнім. Сиыр малының сүтін қаймағынан айырамыз. Қаймақты 2-3 күн сақтаймыз. Кейін оны қолмен былғап, суынан ажыратылып, май қалпына келеді. Майды шыжғырамыз, шыжғырғанда оның тортасы айырылады. Міне, осы нағыз пайдалы тағам. Әрине, сары майда холестерин көп, асқазанға зиян деп дау айта тындар табылар. Алайда, сәуірдің сары майында ағзаға еркін сіңетін пайдалы дәрумендер өте көп. А, Д, Е, К дәрумендері дәл осы тағамда мол. Олар иммунитетті көтеріп, бойыңыздағы әлсіздікті жояды.



Неге сәуір айындағы май пайдалы деген сауал туындауы мүмкін. Себебі, сәуір айында шөптің бірнеше түрі шығып, мал осы пайдалы шөппен қоректенеді. Әрине, шөп құрамы - малдың сүтіне бірден әсер ететін фактор.

Сәуір айының сары майын ыдыстарға салып, ұзақ сақтауға болады. Әсіресе, қыс маусымында салқын тиіп, тұмауратып бастасаңыз дереу сәуір майын пайдаланыңыз.

Шайға да, ыстық сүтке де салып ішкенде тыныс алуыңызға кедергі келтіріп, жөтелді туындатып тұрған кеудеңіздегі қақырық өзігінен түседі. Кеудеңіз ашылып, тыныс жолдарыңыз кеңейеді. Бұл әдіс бүгінгі таңда жұрттың көбі коронавируспен ауырып жатқанда да өте пайдалы деп ойлаймын. Мен отбасымның мүшелерін үнемі осы әдіспен емдеп аламын.



Бұдан өзге, малдың сүтінен құрт жасап та алыңыз. Суық мезгілдерде, тұмауратып қалғанда мал сүтінен дайындалған құрт тағамының пайдасы зор. Қой малының құйрық майын да тұмауға қарсы пайдаланған дұрыс.

Құйрық майын тоңазытқышқа салсаңыз, ұзақ сақтауға болады. Тұмауратып қалған сәттерде құйрық майды ерітіп, жатар кезде денеңізге жағып тастасаңыз, бойдағы суық термен бірге шығып кетеді.

Қысқасы, қолдағы бар таза тағамдарды дұрыс пайдалана білгенге не жетсін!

Эльмира МЫРЗАҒАЛИ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстары цехының операторы.

А Н Ы Қ Т А М А :

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е. Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, **blog_emg@emg.kmgerp.kz** электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады (электронды форматта).

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова - L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz

Ғ.Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

А.Хаменова – A.Khamenova@emg.kmgerp.kz

Редакциялық кеңес:

С.Нақпаев – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова – қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Ә.Каримов – келешекті дамыту департаментінің директоры;

Л.Сүлейменова – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.